



2000 жылға арналған Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына N 21 толықтыруды енгізу туралы

Бұйрық Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 14 тамыз N 359 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 18 тамызда тіркелді Тіркеу N 1225

"Астана қаласының 2000 жылға арналған арнайы экономикалық аймағының бюджетін нақтылау туралы" Астана қаласы Мәслихатының 2000 жылғы 12 шілдедегі N 42/9-II шешімін және "Астана қаласының емдеу-алдын алу мекемелерінің экономикалық және клиникалық тиімділігін оңтайландыру және арттыру бағдарламасын әзірлеу және іске қосу бойынша қызмет көрсетулер берушіні анықтау жөніндегі ашық конкурс өткізу туралы" Астана қаласы Әкімінің 2000 жылғы 28 шілдедегі N 3-1-305 өкімін назарға ала отырып бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 715 V991058_ "2000 жылға арналған Бірыңғай бюджеттік сыныптаманы бекіту туралы" бұйрығына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай

бюджеттік сыныптамасына:

бюджет шығыстарының сынаптамасында:

"5.9.254.52 Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау объектілерін салу және күрделі жөндеу" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"5.9.254.53 Емдеу-алдын алу мекемелерінің экономикалық және клиникалық тиімділігін оңтайландыру және арттыру бағдарламасын әзірлеу және іске қосу".

2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр міндетін атқарушы

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК